

ПУБЛИЧНЫЙ ДОГОВОР ПО ПРИМЕНЕНИЮ ПРАВИЛ КЛУБА ЛОЯЛЬНОСТИ «BI CLUB»

Товарищество с ограниченной ответственностью «Билдинг Сервис», выступая от имени группы Компаний «BI Group» (далее – Компания), а так же физическое лицо/юридическое лицо, заключившее или планирующее заключение основного договора на приобретение объекта недвижимости, договорились о нижеследующем:

1. НАЗНАЧЕНИЕ

1.1. Настоящий Публичный договор по применению Правил клуба лояльности «BI Club» (далее – Правила) определяют и устанавливают порядок присвоения и использования карт клуба лояльности BI Club при оформлении недвижимости в Компании.

1.2. Правила в соответствии с положениями статьи 395 Гражданского кодекса Республики Казахстан признаются публичной офертой.

1.3. Полным и безоговорочным принятием всех условий Правил признается заключение физическим лицом/юридическим лицом основного договора на приобретение объекта недвижимости в Компании.

2. ПОРЯДОК ПРИСВОЕНИЯ КАРТЫ «BI CLUB»

2.1. Оформление недвижимости в Компании осуществляется по картам клуба лояльности «BI Club». При первичном оформлении недвижимости клиентам Компании автоматически присуждается карта категории «BI Bronze».

2.2. Условия для присвоения карты:

- «BI Bronze» от одной покупки (квартиры, офисы);
- «BI Bronze+» от двух покупок (квартиры, офисы);
- «BI Silver» от трех покупок (квартиры, офисы);
- «BI Silver+» от четырех покупок (квартиры, офисы);
- «BI Gold» от пяти покупок (квартиры, офисы) либо при единовременной оплате 300 млн тенге;
- «BI Gold+» от шести покупок (квартиры, офисы);
- «BI Platinum» от восьми покупок и более (квартиры, офисы), а так же при единовременной оплате от 500 млн тенге;
- «BI Diamond» присуждается в случае покупки недвижимости в течение одного календарного года на сумму не менее 700 млн тенге.

2.3. Условия по картам фиксируются единожды и действительны на весь период сотрудничества клиента с Компанией. Исключением является категория карты «BI Diamond», которую необходимо подтверждать один раз в год, оплатой на сумму не менее 300 млн тенге. Если оформление в течение года не происходит на сумму 300 млн тенге, то номинал карты снижается до категории «BI Platinum». Возобновить статус «BI Diamond» возможно путем совершения покупки на сумму от 300 млн тенге в течение одного календарного года по условиям карты «BI Platinum».

3. УСЛОВИЯ ИСПОЛЬЗОВАНИЯ КАРТЫ «BI CLUB» ПРИ РЕАЛИЗАЦИИ КВАРТИР И ОФИСОВ

3.1. Размеры скидок по картам «BI Club» при 100% оплате:

Наименование карты	Размер скидки
«BI Bronze»	4% скидка на квартиры 5% скидка на офисы
«BI Bronze +»	5% скидка на квартиры 6% скидка на офисы
«BI Silver»	6% скидка на квартиры 7% скидка на офисы
«BI Silver +»	7% скидка на квартиры 8% скидка на офисы
«BI Gold»	8% скидка на квартиры 9% скидка на офисы
«BI Gold +»	9% скидка на квартиры 10% скидка на офисы
«BI Platinum»	10% скидка на квартиры 11% скидка на офисы
«BI Diamond»	12% скидка на квартиры 13% скидка на офисы

4. УСЛОВИЯ УЧАСТИЯ В КЛУБЕ ЛОЯЛЬНОСТИ «BI CLUB»

4.1. Переуступка прав (цессия) на приобретённые объекты недвижимости допускается исключительно по истечении четырех месяцев с даты их приобретения. Данное условие является обязательным для соблюдения всеми владельцами карт лояльности «BI Club» категории «BI Gold», «BI Gold +» и «BI Platinum».

4.2. Справки-согласия на переуступку прав (цессия) предоставляются на платной основе для всех владельцев карт лояльности «BI Club», за исключением владельцев карт категории «BI Diamond». Стоимость одной справки составляет 100 тыс. тенге.

4.3. В случае, если владелец карты лояльности «BI Club» категорий «BI Gold», «BI Gold +» или «BI Platinum» намерен осуществить сделку по переуступке прав (цессия) на приобретённый объект недвижимости, несмотря на установленное Компанией ограничение, предусмотренное п. 4.1. Правил, Компания оставляет за собой право аннулировать предоставленную ранее скидку и потребовать возврат разницы суммы.

5. РЕКВИЗИТЫ

Товарищество с ограниченной ответственностью «Билдинг Сервис»

БИН 210340031727

Адрес: 010000, Республика Казахстан, город Астана,
район Есиль, улица Сығанақ, строение 17М

e-mail: infosales@bi.group

ИИК KZ58601A871000715831

Банк АО «Народный Банк Казахстана»

БИК HSBKKZKX

«BI CLUB» АДАЛДЫҚ КЛУБЫ ҚАҒИДАЛАРЫН ҚОЛДАНУ ЖӨНІНДЕГІ ЖАРИЯ ШАРТЫ

«BI Group» компаниясы (бұдан әрі – Компания) тобы атынан әрекет ете отырып, «Билдинг Сервис» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, сондай-ақ жылжымайтын мүлік объектісін сатып алуға негізгі шартты жасаған немесе жасауды жоспарлаған жеке тұлға/занды тұлға төмендегілер туралы уағдаласты:

1. МАҚСАТЫ

1.1. Осы «BI Club» адалдық клубының қағидаларын (бұдан әрі – Қағидалар) қолдану жөніндегі Жария шарт Компанияда жылжымайтын мүлікті ресімдеу кезінде BI Club адалдық клубының карталарын беру және пайдалану тәртібін анықтайды және белгілейді.

1.2. Қағидалар Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 395-бабының ережелеріне сәйкес жария оферта деп танылады.

1.3. Жеке тұлғаның/занды тұлғаның Компанияда жылжымайтын мүлік объектісін сатып алуға негізгі шарт жасасуы Қағидалардың барлық талаптарын толық және сөзсіз қабылдау деп танылады.

2. «BI CLUB» КАРТАСЫН ТАҒАЙЫНДАУ ТӘРТІБІ

2.1. Компанияда жылжымайтын мүлікті ресімдеу «BI Club» адалдық клубының карталары бойынша жүзеге асырылады. Жылжымайтын мүлікті бастапқы ресімдеу кезінде Компания клиенттеріне автоматты түрде «BI Bronze» санатты картасын береді.

2.2. Картаны беру талаптары:

- «BI Bronze» бір сатып алудан (пәтер, кеңсе)
- «BI Bronze+» екі сатып алудан (пәтер, кеңсе);
- «BI Silver» үш сатып алудан (пәтер, кеңсе);
- «BI Silver+» төрт сатып алудан (пәтер, кеңсе);
- «BI Gold» бес сатып алудан (пәтер, кеңсе) немесе біржолғы төлем кезінде 300 млн теңге;
- «BI Gold+» алты сатып алудан (пәтер, кеңсе);
- «BI Platinum» сегіз және одан да көп сатып алудан (пәтер, кеңсе), сондай-ақ біржолғы төлем кезінде 500 млн теңгеден;
- «BI Diamond» күнтізбелік бір жыл ішінде 700 млн теңге кем емес сомаға жылжымайтын мүлік сатып алынған жағдайда беріледі.

2.3. Карталар бойынша талаптар бір рет тіркеледі және клиенттің Компаниямен ынтымақтастығының барлық кезеңіне жарамды. Ерекшелік жылына бір рет кемінде 300 млн теңге сомаға төлеммен растау қажет «BI Diamond» картасының санаты болып табылады. Егер бір жыл ішінде ресімдеу 300 млн теңге сомасына жүргізілмесе, онда картаның номиналы «BI Platinum» санатына дейін төмендейді. «BI Diamond» мәртебесін «BI Platinum» картасының талаптары бойынша күнтізбелік бір жыл ішінде 300 млн теңгеден басталатын сомаға сатып алу арқылы қайта бастауға болады.

3. ПӘТЕРЛЕР МЕН КЕҢСЕЛЕРДІ ӨТКІЗУ КЕЗІНДЕ «BI CLUB» КАРТАЛАРЫН ПАЙДАЛАНУ ШАРТТАРЫ

3.1. 100% төлем кезінде «BI Club» карталары бойынша жеңілдік мөлшерлері:

Карта атауы	Жеңілдік мөлшері
«BI Bronze»	4% пәтерге жеңілдік 5% кеңсеге жеңілдік
«BI Bronze +»	5% пәтерге жеңілдік 6% кеңсеге жеңілдік
«BI Silver»	6% пәтерге жеңілдік 7% кеңсеге жеңілдік
«BI Silver +»	7% пәтерге жеңілдік 8% кеңсеге жеңілдік
«BI Gold»	8% пәтерге жеңілдік 9% кеңсеге жеңілдік
«BI Gold +»	9% пәтерге жеңілдік 10% кеңсеге жеңілдік
«BI Platinum»	10% пәтерге жеңілдік 11% кеңсеге жеңілдік
«BI Diamond»	12% пәтерге жеңілдік 13% кеңсеге жеңілдік

4. «BI CLUB» АДАЛДЫҚ КЛУБЫНА ҚАТЫСУ ШАРТТАРЫ

4.1. Сатып алынған жылжымайтын мүлік объектілеріне құқықтарды қайта беруге (цессия) оларды сатып алған күннен бастап төрт ай өткен соң ғана жол беріледі. Осы шарт «BI Gold», «BI Gold +» және «BI Platinum» санатты «BI Club» адалдық карталарының барлық иелері үшін міндетті болып табылады.

4.2. Құқықтарды қайта беруге (цессия) келісім-анықтамалар «BI Diamond» санатты карталардың иелерін қоспағанда, «BI Club» адалдық карталарының барлық иелері үшін ақылы негізде беріледі. Бір анықтаманың құны 100 мың теңгені құрайды.

4.3. Егер «BI Gold», «BI Gold +» немесе «BI Platinum» санатты «BI Club» адалдық картасының иесі Компания белгілеген Қағидалардың 4.1 тармағында көзделген шектеулерге қарамастан, сатып алынған жылжымайтын мүлік объектісіне құқықтарды қайта беру (цессия) жөніндегі мәмілені жүзеге асыруға ниетті болса, Компания бұрын берілген жеңілдікті жою және соманың айырмашылығын қайтаруды талап ету құқығын өзіне қалдырады.

5. ДЕРЕКТЕМЕЛЕР

«Билдинг Сервис» жауапкершілігі шектеулі серіктестік

БСН 210340031727

Мекенжай: 010000, Қазақстан Республикасы, Астана қаласы,

Есіл ауданы, Сығанақ көшесі, 17М құрылым

e-mail: infosales@bi.group

ЖСК KZ58601A871000715831

«Қазақстанның Халық Банкі» АҚ банкі

БСК HSBKKZKX